

## **"Қорғау" ұлттық акционерлік компаниясын құру туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 9 қыркүйек N 847. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.05.15 . N 603 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылықты басқару органдары жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 Жарлығын орындау, қорғаныс өнеркәсібінің ғылыми-техникалық және өндірістік әлеуетін дамыту, оларды конверсиялауды жеделдету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес Қорғаныс өнеркәсібінің мемлекеттік кәсіпорындары мен акционерлік қоғамдары негізінде "Қорғау" ұлттық акционерлік компаниясы (Компания) құрылсын.

Компанияның басқармасы Алматы қаласында орналастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

Компанияның мемлекеттік және мүліктік кешенін қалыптастыру жұмысын жүргізіп, бір айлық мерзімде оның құрылтай құжаттарын әзірлесін;

Компанияның құрамына кіретін мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкін және акционерлік қоғамдардың акцияларының мемлекеттік пакеттерін басқару, иелену және пайдалану құқығын оған табыстайтын, ал мемлекеттік кәсіпорындардың акционерлік қоғамдарға айналдырылуына қарай Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған (II кезең) Ұлттық бағдарламасында көзделген тәртіп бойынша акциялардың мемлекеттік пакеттерін басқару, иелену және пайдалану құқығын беретін болсын ;

аумақтық органдармен және "Қорғау" ұлттық акционерлік компаниясымен бірлесіп, Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған (II кезең) Ұлттық бағдарламасында анықталған тәртіп бойынша қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарының акционерлік қоғамдарға айналдырылуына қарай белгіленген тәртіппен өзінің құрамында акционерлік холдинг компанияларын құрсын.

"Қорғау" ұлттық акционерлік компаниясының дербес балансы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өз атауы қазақ және орыс тілінде жазылған мөрі болады, заңды ұйым болып табылады, Қазақстан

Республикасының заңдары мен өзінің Жарғысы негізінде іс-әрекет жасайды.

Компанияның басшылығын тағайындау мен бекіту Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру процесінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін мемлекеттік реттеу мәселелері" деген 1993 жылғы 14 шілдедегі N 606 қаулысымен анықталған тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

3. "Қорғау" ұлттық акционерлік компаниясына:

қорғаныс мақсатындағы өнім өндіретін қорғаныс кәсіпорындарының

жұмысын үйлестіру мен бақылау, қорғаныс сипатындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды жүргізу;

Компанияның кәсіпорындарын дамытуға, қорғаныс өнеркәсібінде конверсияны және құрылымдық өзгерістерді жүргізуге бағытталған бірыңғай инвестициялық саясатын әзірлеп, оның жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасы мен басқа да мемлекеттердің қорғаныс өнеркәсібінің кәсіпорындары мен ұйымдары арасында өзара тиімді сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты сақтау мен дамыту жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 9 қыркүйектегі

N 847 қаулысына

Қосымша

"Қорғау" ұлттық акционерлік компаниясына  
мүлкі немесе акциялардың мемлекеттік пакеттері  
берілетін кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдардың

Тізбесі

(Кесте)

<\*>

Ескерту. Осы кестедегі "Алатау" өндіріс бірлестігі мен "Қазақрадиотехника зауыты" тізбесінен шығарып тасталсын. (Қазақстан республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 ж. 4 қаңтар, N 8).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК